

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 1295 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген, Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі" бөлімі мен реттік нөмірі 413-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 106-3-жолмен толықтырылсын:

"106-3. "Қазпатент" патенттер мен тауарлық белгілер жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) Алматы қаласы".

2 ) < \* >

**ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.03.29. N 411 қаулысымен**

3 ) < \* >

**Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен .**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*

